

# ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 811.512.122:378.096

Б.М.Айтбаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

## Қашықтықтан оқытуды жүзеге асырудың негізгі қағидаттары

Мақалада қашықтықтан оқытуды қолданудың негізгі қағидаттары жан-жақты ашылып көрсетілген. Қазақ тілін оқытып-үйретуде түрлі әдіс, жұмыс түрлерін қолдану мәселелерін қарастырылған. Сондай-ақ автор тіл үйренушілердің қызығушылықтарын арттыруда осы жаңа әдістерді қолданудың тиімділігіне де тоқталды. Сабақта қолданылатын бағдарламалар мен техникалық құралдар оқытудың дәстүрлі әдістерін жетілдіруге әсер етеді. Оқу үдерісіне жаңа технологияларды ендіру тілді оқытуда жетілдіру үшін қолайлы жағдай тудырады.

*Кілтті сөздер:* қашықтықтан оқыту, компьютерлік ақпарат, коммуникациялық бағдарлама, жедел шешім.

Білім беру үдерісіне қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу білім беру сапасын көтеру ісіне шынайы мүмкіндіктер әкеледі. Білім берудің ақпараттық технологияларын дамыту саласында басты рөлді жоғары мектеп алу керек деп саналады, себебі қашықтықтан оқыту (ҚО)-ны дамыту мен электрондық кітапханалар құру, қолданыстағы желілік инфрақұрылымды жетілдіру және дамыту, қолданылатын арналардың өткізілім мүмкіндігін арттыру жоғары мектептің міндеттеріне кіреді. Бұл ретте жоо-лар жалпы орта және кәсіби білім беру мекемелері үшін ақпараттық және телекоммуникациялық қызмет көрсетудің маңызды көзі бола алады. Бұл жерде неғұрлым күрделі және маңызды орынды ақпараттық технологияларды ұзақ уақыттан бері игеріп келе жатқандығына қарамастан, техникалық тұрғыдан әлсіз жарактандырылған жалпы білім беру мектептері алады. Осылайша, тілдерді ҚО тұжырымдамасын әзірлей отырып, бір жағынан, оқытудың технологиялық негізі ретіндегі телекоммуникациялар мен мультимедиялық құралдардың дидактикалық қасиеттері мен қызметтерін, екінші жағынан — қазіргі заманғы деңгейдегі білім берудің жалпы жүйесінің басты элементі ретіндегі оқытудың мұндай түрін дидактикалық тұрғыдан ұйымдастырудың негізгі бағыттарын назарда ұстау қажет. Зерттеулерге сүйенсек, ҚО-ның жалпы үлгісі технологиялық, педагогикалық, ұйымдастыру-әдістемелік сияқты түрлі компоненттердің рөлін анықтайтын біріккен білім беру ортасын қамтиды.

Бүгінгі күнге дейін дербес компьютердің мүмкіндіктерін қайда, қашан және қандай мақсат үшін пайдаланудың дұрыстығы, қандай компьютерлік өнімдер бұл мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиістігі, қоғамның ақпараттануы жағдайында қалай тиімді жұмыс жасау керектігі туралы нақты мәлімет алуға мүмкіндік беретін, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар негізінде мамандар дайындайтын тұтас педагогикалық тұжырымдама әзірленген емес.

Әлемнің ең беделді университеттерінде қашықтықтан оқытуды дәстүрлі күндізгі оқыту түрін толықтай алмастыру ретінде қарайтын тұрақты оппозиция бар. Олар қашықтан оқыту бағдарламаларын толықтай іске қосуға асығар емес. Мәселенің түп негізі студенттің жеке басын анықтауда жатыр. Дербес компьютерде емтихан тапсырып отырған кім, студенттің өзі ме, әлде оның досы, үздік студент пе, мұны тексеру әзір мүмкін емес. Сондықтан қашықтықтан оқыту бағдарламалары көбінесе міндетті күндізгі сессияны да қамтиды, бұл кезде студент емтиханды виртуалды емес, көзбе-көз тапсырады. Бұдан басқа, оқу және емтихан телеконференцияларын ұйымдастыру үшін түрлі елдердің телефон желілерінің өткізу мүмкіндіктері жетіспей жатады. Оның үстіне, сырттай оқыту кезінде оқу үдерісі-

нің негізі болып табылатын оқытушы мен студент арасындағы тікелей байланыс жоғалады. 1999 жылы «Жоғары білімді өлтіретін кім?» атты мақала жарияланды. Бұл мақалада автор «қазіргі түріндегі жаңа ақпараттық технологиялар жоғары білімді жоятындығын» айтады. Алынған білімнің сапасы көп ретте оқу үдерісін формалды түрде қамтамасыз етуден басқа, студенттердің дүниетанымын, олардың мінез-құлқын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын оқытушының жеке тұлғасына байланысты. Мақалада жаңа ұрпақтың санасын «механикалауға», жалпы адамзаттық құндылықтардың жойылуына және қоғамның рухсыздануына әкелетін қараңғы болашақ сипатталады. Жаңа ақпараттық технологиялар оқытудың мазмұнына да әсер ете отырып, студенттер мен оқытушылардың қарым-қатынас формасын өзгертетіні сөзсіз. Дегенмен білім беру саласындағы бұрынғы дәстүрлер бұзылады деп айтуға болмайды, керісінше, жоғары білімнің жаңа парадигмасы мен жаңа сапасы пайда болады. Оқытудың виртуалды түрлерінің таралуы білім беру жүйесінің классикалық университеттен виртуалды университетке дейінгі, яғни тақта мен бордан компьютерлік білім беру бағдарламаларына дейінгі, қарапайым кітапханадан виртуалды кітапханаға дейінгі, адам саны аз оқу топтарынан кез келген көлемдегі виртуалды аудиторияларға дейінгі және т.б. эволюциялық қадамы екендігін атап айту керек. «Білім беру саласындағы үдерістер антагонистік сипатта емес, сондықтан оқытудың виртуалды және дәстүрлі түрлерін бір-біріне қарсы қоюдың қажеті жоқ. Бүгінгі күнгі жақсы білім беру дегеніміз — білім алудың түрлі формалары мен қазіргі заманғы технологиялардың бірігуі, олардың өзі үшін үйлесімді жақтарын тек білім алушының өзі ғана таңдап ала алады» [1].

Жедел шешімін табуды күтіп тұрған міндеттердің бірі қашықтықтан оқыту интерактивті болуы тиістілігімен байланысты. Студенттер оқытушымен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігіне ие болуы керек. Қолданыста жүрген көптеген оқыту жүйесінің жұмысын талдау кезінде бұл қарым-қатынас жүйеде қозғалу және оқытушымен, басқа студенттермен пошта арқылы байланысумен шектелетіндігі байқалды. Қазіргі сапалы байланысты қолдана алу мүмкіндігі бар жағдайда бұл жеткіліксіз. ҚО бір-бірінен алыс, тіпті түрлі елде тұратын студенттер мен оқытушылық құрамнан тұратын «виртуалды сынып» түрінде болғаны дұрыс. Болашақта қашықтықтан оқыту курстарында тұтас топ адам жұмыс жасай алар еді, бірінші оқытушы курсты жоспарлап, ұйымдастырушы, екінші оқытушы дәріс «оқып», үшіншісі білім алушылар арасындағы байланысты қамтамасыз етіп, төртінші оқытушы студенттердің еңбегін бақылаған болар еді. Микропроцессорлық құралдар білім алушылар мен оқытушыларға кішкене «оқыту модульдердің» белгілі ретінен тұратын қашықтан оқытудың жеке курстарын дамытуға көмекке келер еді. Оқытушылар слайдтар немесе мультимедиялық тұсаукесерлер сияқты оқу материалдарын оқыту бағдарламаларына, студенттердің компьютерлеріндегі іске қосу браузерлеріне енгізілуін, сондай-ақ хабарламалар тақтасы, кітапханалар сияқты оқыту үдерісіне қажетті құралдарды, оқытушылардың өзін де бақылап отыруға болар еді. Оқытушы дәрістерді тікелей Интернет арқылы оқыған болар еді. Студенттер оқытушының назарын электрондық «қол көтеру» арқылы аударар еді.

Бұл идеялардың көпшілігі жақын болашақта шындыққа айналуы да мүмкін. Әзірге айтарымыз, Интернет арқылы қашықтықтан оқыту мәселесі күн тәртібінде тұр, олай болса, барынша тез дамиды деп толық сеніммен айтуға болады. Оның дамуы үшін қазір техникалық та, зияткерлік те мүмкіндіктердің бәрі бар. Адамның алдында қандай да бір мақсат болып, оған қол жеткізу үшін қосымша білім қажет болса, оларды тек дәстүрлі жолмен ғана емес, Интернет арқылы қашықтықтан оқыту арқылы да алуға болады. Бұл білім қандай да бір күндізгі оқыту орнында алған білімнен артық болмаса, кем болмайды. Егер сіз қашықтықтан оқытын болсаңыз, сіздің бағаңыз анағұрлым шындыққа жақын болады. Мәселе ҚО кезінде оқытушының студентке деген жеке жақсы ықыласы немесе жағымсыз көзқарасы пайда болмайды. Оқытушы сіздің әкеңіз кім екенін білмейді; оқытушы жасыл түспен боялған тырнақтарыңызды немесе мұрныңызға таққан сырғаңызды көрмейді. Оның үстіне, бақылау жұмыстары тексеруге жасырын, тіркеу нөмірлерімен түседі, бұл бағалаудың бейтарап болуына кепілдік береді. Бірақ ҚО-ның бұл артықшылығы кейбіреулер үшін кемшілік болуы да мүмкін, себебі басқа елде тұратын «виртуалды» оқытушыға пара беру өте қиын.

ҚО құны туралы мәселені де айналып өтуге болмайды. Жалпы алғанда, ҚО бағдарламалары дәстүрлі білім беруге қарағанда анағұрлым арзан. ««Қашықтықтағы» студенттерге жалға алғаны үшін ақы төленетін аудиториялар қажет емес, «қашықтағы» студенттер терезелерді сындырмайды, компьютер сыныптарынан тінтуірлерді ұрламайды, деканның жүйкесін тоздырмайды, «қашықтықтағы» студенттер уақыттың көпшілігінде өз бетінше дайындалады» [2].

Тілдерді қашықтықтан оқытудың өзіндік ерекшелігі бар, себебі оқылым мен жазылым сияқты қазақ тілінде сөйлеу әрекеттеріне оқыту кезінде желілік курспен шектелуге болады, өйткені сөйлеу әрекетінің бұл түрлері көлемді кестені қажет етпейді. Дегенмен айтылымға, сөйлесім мен тыңдалым-

ға үйрету кезінде тек мәтіндік файлдарды ғана қолдану жеткіліксіз, дыбыстық көркемдеуге де, сондай-ақ білім алушылардың ауызша сөйлеуін ынталандыратын түрлі ситуацияларды құру, яғни суретті материалға да сүйену, керек. Мұндай материалды желілік курстарда пайдалану техникалық тұрғыдан мүмкін болғанмен, әзірше мұндай файлдардың жадысы біршама үлкен болатындықтан, қиыншылық тудырып отыр.

Қазір тұрғындардың көпшілігінде жоғары технологиялық, оның ішінде барынша интерактивтілікті қамтамасыз ете алатын, сондықтан тұтынушы нарығы үшін неғұрлым тиімді болып табылатын Интернет технологияларға негізделген ҚО-ның білім беру қызметін пайдалануы үшін техникалық деңгейі айтарлықтай жеткілікті. «ҚО үдерісін қолдауды және оқу үдерісін басқаруды қамтамасыз ететін жоғары сапалы ақпараттық толықтыру бұл техникалық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың басты шарты болып табылады» [3].

Білім беру жүйесіне тілдерді Интернет арқылы қашықтықтан оқытуды енгізу үдерісіне кедергі келтіретін бұл әдістемелік проблеманың шешілмеуін мәселенің жаңалығымен де, күрделілігімен де түсіндіруге болады. Мәселенің күрделілігі оның мәнінің екі пән саласына қатыстылығында болып отыр. Оның бірішісі — қазір жаңа ақпараттық технологиялар деп аталатын құбылыста, екіншісі — қазақ тілін оқыту әдістемесінің өзі.

Оқытудың қандай да бір түріне тән оқу үдерісін жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттарының ерекшелігі оқытушы мен оқушының бір-бірімен тұлғалық қарым-қатынасы үшін қандай нақты мүмкіндіктері болуына байланысты. «Тілді Интернет арқылы қашықтықтан оқыту үшін мұндай ерекшелік ретінде, негізінен, компьютерлік коммуникациялар арқылы жүзеге асырылатын оқытушы мен оқушының арасындағы тұлғалық қарым-қатынастың аралық сипатын айтуға болады. Бірінші жағынан, оқу үдерісі кезінде білім алушы мен оқытушының, білім алушылардың өзара және тілді қолданушылармен үздіксіз және айтарлықтай жылдам алыстан телекоммуникациялық қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі бар, оның үстіне бұл қарым-қатынасқа түсуді оқу үдерісінің кез келген субъектісі бастай алады. Дәл осы ерекшелігі Интернет арқылы ҚО-ны түрі жағынан сырттай оқу түрінен ажыратып, күндізгі оқу түріне жақындатады» [4]. Дегенмен, тұлғааралық телекоммуникациялық қарым-қатынас белгілі жағдайларға сәйкес (техникалық, экономикалық және психологиялық жағдайлар) «жанды», тікелей қарым-қатынасты алмастыра алмайды.

Осы ретте өзара тұлғааралық қарым-қатынастың әдістемелік құрал мен нәтижелі білім беру үшін сабақты ұйымдастыру түрін таңдауға тигізетін әсерін А.Н.Леонтьевтің еңбектерінде көрсетілген оқытудың әрекеттік ұстанымы тұрғысынан оңай түсіндіруге болады. Бұл теорияға сәйкес оқыту үдерісі оқытушы мен оқушылардың бірлескен әрекеті ретінде ұсынылады. Субъектілер жиынтығының әрекеті бірлескен түрде болуы үшін олардың арасында тұлғааралық қатынасты қамтамасыз ететін қатысым болуы тиіс. Қатысым бұл жерде субъектілердің үдеріс кезінде өз қызметінің тәжірибесімен алмасу құралы, соның ішінде осы бірлескен қызметті мақсатты басқарудың құралы ретінде көрінеді. Осылайша, тұлғааралық қарым-қатынастың оны жүзеге асырудың тәсілдерімен анықталатын шынайы мүмкіндіктері оқу үдерісін ұйымдастыру мен әдістемесіне өз талаптарын қояды.

Қатысымның мүмкін болатын әдістерінің ішінде педагогикалық мақсаттар үшін тиімдісі — тікелей тұлғааралық қарым-қатынас, яғни шынайы уақыттағы қандай да бір қолдан жасалған құралдарды немесе ақпарат сақтау мен беру құралдарын қолданбай қарым-қатынасқа түсуі. Мұндай қатынас «жанды қатынас» ретінде анықталады. Бұл кезде қатынасқа түсушілер орындалып жатқан үдеріс үстіндегі бір-бірінің әрекетін өздерінің табиғи сезім органдарымен бақылап, қабылдауға мүмкіндік алады. Ұзақ ғасырлық тарихы бар оқытудың дәстүрлі күндізгі түрінің маңызы қанша, педагогика үшін «жанды қатынастың» маңыздығы сондай. Дәстүрлі оқытудың барлық әдістемелік тұжырымдамаларында күрделі педагогикалық міндеттерді «жанды қатынас» тәртібінде шешу ұсынылады. «Жанды қатынас» адам өз қызметін орындау кезінде өз тәжірибесімен алмасудың неғұрлым табиғи және ақпаратты түрі болып табылады.

Телекоммуникациялық тұлғааралық қатынастың «жанды қатынастан» басты айырмашылығы — оның аралықты сипаты. Компьютер мен байланыстың техникалы құралдары тұлғааралық әрекеттестік арасындағы материалдық құрал ретінде көрінеді.

«Телекоммуникациялық тұлғааралық қатынастың аралық сипаты оның «жанды қатынастан» ерекшелейтін мына айырмашылықтардан көрінеді:

1) «жанды қатынасқа» тән емес, байланысқа ену, хабарламаларды беру және қабылдау үшін «адам-компьютер» әрекетінің өзіндік логикасымен анықталатын қосымша, ішкі (психикалық) және сыртқы (механикалық) әрекеттерді, қимылдарды орындау қажеттігі;

2) ақпаратты ұсынудың (ұсынудың мәтіндік және графикалық түрлері) «жанды қатынаспен» салыстырғанда өзге формаларының басымдығы;

3) хабарламалар алмасу үдерісінің уақыт бойынша ұзақтығы (берілген хабарламаға жауап алу «жанды қатынаспен» салыстырғанда біраз уақыт кешігіп жүреді)» [5].

Көрсетілген айырмашылықтардың көріну жиілігі қолданылатын техникалық және бағдарламалық телекоммуникациялық құралдардың сапасына қатысты өзгеріп отырады.

«Телекоммуникациялық қатынасты жүзеге асыру үшін қажетті, қосымша әрекеттерді сыртқы (механикалық) және ішкі (психикалық) әрекеттер деп бөлуге болады. Бұл әрекеттердің күрделілігі мен көлемі коммуникациялық бағдарламаның сапасымен, оның қолданушы интерфейсі (көрнекілігі, компьютермен жұмыс кезінде қолданушы әрекеттерінің қарапайымдылығы және қолайлылығы) деңгейімен анықталады» [6]. Қашықтықтан оқыту курсы үшін коммуникациялық бағдарламаны таңдау кезінде курсқа қатысты телекоммуникациялық қызметтердің барлық түріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін бағдарламаларға басымдық беріледі.

Дегенмен, коммуникациялық бағдарламаның қолданушы интерфейсі «жағымды» және оның әмбебапты болған жағдайда да білім алушылар оқытудың бастапқы кезеңінде, әдетте, телекоммуникациялық желімен жұмыс кезінде белгілі техникалық та, психологиялық та сипаттағы қиыншылықтарға кезігеді. Сондықтан ҚО-ның алғашқы кезеңінде білім алушылар үшін болашақ серіктестерімен топта және оқытушымен жұмыс жасау барысында телекоммуникациялық қатынастың қажетті бастапқы дағдыларын игеру үшін телекоммуникациялық желі арқылы хабарламалар алмасу бойынша дайындық оқу әрекеттерін өткізуді қарастыру қажет. Осылайша қатынас құралына бейімделуге қол жеткізіледі және білім алушының назары көбінесе тікелей оқу пәніне аударылады. Осы дайындық телекоммуникациялық қатынас кезінде білім алушылар бір-бірімен және оқытушымен жақынырақ танысуға мүмкіндік алады, бұл психологиялық ахуалды қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Мәтін мен графика қазіргі заманғы компьютерлік технологияларда хабарламалар ұсынудың неғұрлым кең тараған түрлері болып табылады, ал «жанды қатынаста» хабарламалар алмасудың дыбыстық және визуалды түрлері басым қолданылады. Компьютерлік телекоммуникациялардағы мәтіндік хабарламалардың басым рөлі олардың үнемділігімен түсіндіріледі. Оларды беру және сақтау үшін аз техникалық қор (байланыс арналарының өткізу жолағы және жадылық қондырғылардың көлемі) керек. Дыбыс пен бейнені беру үшін үлкен шығын қажет, осы жағдай үнемі сақталып отырады, бұл адамның дыбыс және бейне қабылдауының жоғары ақпараттық көлемімен байланысты. Сондықтан аудио- және бейнехабарламаларды беру жөніндегі телекоммуникациялар желілерінің мүмкіндігі үздіксіз кеңейгендігіне қарамастан, ақпарат ұсынудың мәтіндік формасының рөлі мен мәні сақталып қалады. Бұдан оқытудың барлық кезеңдерінде басты салмақ сөйлеу әрекетінің жазылым және оқылым сияқты түрлеріне түсетіндігі көрінеді. Осы ерекшелік оқыту әдістемесіне материал ұсынадан бастап алынған шет тілде сөйлеу әрекетін практикалық, шығармашылық қолдану жағдайларын құруға дейінгі көптеген өзіндік талаптар қояды.

Телекоммуникациялық қатынастың уақыт ұзақтығы берілген хабарлама «жанды қатынасқа» қарағанда біраз уақыттан кейін түсуімен байланысты. Бұл кешігудің ұзақтығы телекоммуникация қандай тәртіпте, шынайы уақыт тәртібінде ме, әлде «талап етілгенге дейін» тәртібінде ме соған байланысты. Осы екі тәртіптің айырмашылығы үлкен. Шынайы уақыт тәртібінде компьютер-корреспонденттен шыққан хабарлама компьютер-адресатқа тікелей беріледі де, компьютер-адресатты қолданушының қабылдауы үшін қолжетімді. Сондықтан шынайы уақыт тәртібінде телекоммуникацияның уақыт ұзақтығы аз. Бұл уақыт хабарламаны қалыптастыруға қажетті (мысалы, берілетін хабарды клавиатурада теру) уақыттан және хабардың телекоммуникациялық желі арқылы таралу (бұл уақыт желінің толымдылығы мен желілік құралдың сипатына байланысты бір және он шақты секундқа созылуы мүмкін) уақытынан құралады. Шынайы уақыттағы телекоммуникациялық қызмет көрсету мысалы ретінде Интернет ұсынатын Internet ICQ қызметін айтуға болады. Сөйлесушілер өз компьютерлерінің клавиатурасында мәтіндер тереді де, бұл мәтіндер дереу оның серіктесі дисплейінің экранында көрінеді.

«Талап етілгенге дейін» тәртібінде берілетін хабар адресаттың компьютеріне емес, адресат үшін қолжетімді бас компьютердің жадысына түседі. Осылайша, адресат өзіне қолайлы уақытта осы жадыдан өзіне жіберілген хабарды ала алады. Телекоммуникацияның бұл тәртібін асинхронды деп те атайды. «Талап етілгенге дейін» тәртібіндегі коммуникация — телекоммуникациялық қатынастың «жанды қатынасқа» тән емес өзіндік қасиеті. Телекоммуникацияның бұл қасиеті қатынас құралы ретіндегі телекоммуникациялық желіні қолданушылардың барлығы үшін қолжетімді өзіндік жадысының бо-

луымен байланысты. «Талап етілгенге дейін» тәртібі «жанды қатынастың» атрибуты болмай-ақ өте құнды сипатқа ие: егер адресат бұл уақытта басқа абонентпен қатынасты жүзеге асырып жатса немесе қандай да бір себепке байланысты хабар алмасуға дайын болмаған жағдайда қатынасқа қатысушыны адресатқа хабар жіберу үшін өз кезегін күтіп отыру қажеттілігінен босатады. Осыған байланысты хабар жіберуші өз кезегін қанша күтетінін білместен, хабарды қайта-қайта жіберетін болғандықтан, «талап етілгенге дейін» тәртібінің маңызын бағаламауға болмайды. «Талап етілгенге дейін» тәртібінің типтік тәсілі — электрондық пошта.

Телекоммуникациялық қатынастың осы айтылған жалпы сыртқы сипаттамаларының өзінен көрініп тұрғанындай, оның оқу үдерісін жүзеге асыру мен оны басқаруды жүзеге асырудағы мүмкіндігі «жанды қатынас» мүмкіндігімен салыстырғанда шектеулі. Бұл жағдайда оқытушы оқытудың дәстүрлі күндізгі үдерісіне тән оқу ақпаратының басты көзі ретіндегі рөлін тікелей орындай алмайды. Осыған байланысты білім алушылардың алдын ала дайындалып, жіберілген оқу материалымен өз бетінше жұмыс істеуі Интернет арқылы қазақ тілін қашықтықтан оқыту үшін оқу үдерісін ұйымдастырудың неғұрлым тиімді және шынайы формасы болып табылады. Бұл кезде телекоммуникациялық қатынас оқытушының оқу үдерісі барысын ағымдық және кезеңдік бақылауы, қажет болғанда түзетуі, оқытудың барлық кезеңдерінде туындайтын сұрақтар бойынша кеңес беруі үшін, оқу барысы кезінде сабақ бойынша серіктестермен және жұмыстың мұндай түрі қарастырылған болса, тілді қолданушылармен жұмыс жасау үшін пайдаланылады.

Осылайша, Интернет арқылы шетел тілдерін ҚО курстары үшін әзірленетін оқу материалдары білім алушы үшін дидактикалық ақпарат көзі болып табылады. Сондықтан олар ҚО үдерісі кезінде күндізгі оқу үдерісі кезіндегі оқу материалдар сияқты маңызға ие. Олай болса, олардың сапасына деген талап та күшейеді.

Интернет арқылы тілдерді ҚО-ны жүзеге асыру үшін оқу материалдарын дайындау кезінде оларды ұсыну әдістері туралы мәселе психологиялық-педагогикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.

ҚО курстарында оқу материалдарын ұсыну әдістерін таңдаудың неғұрлым жалпы талаптары ретінде оқу ақпаратын талапқа сай түрде (мысалы, мәтіндік немесе графикалық) беруді, ақпаратқа қолжетімділіктің қарапайымдылығы мен оны көбейтудің мүмкіндігін айтуға болады. Тілдерді қашықтықтан оқыту мақсаттарының осы талаптарын ескере отырып, оқу ақпаратын тасымалдаушы ретінде кітапты, компакт-дискіні (CD) және желі серверінің жадысындағы электронды нұсқаны көрсетуге болады. Оқу ақпаратын сақтау мен таратудың осы айтылған тәсілдерінің өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Осы ретте бұл әдістер бір-бірінің орнын ауыстыра алмайды.

Баспа нұсқасының (кітап) артықшылығы — оның білім алушылардың көбі үшін үйреншіктілігі, қолдануға ыңғайлылығы, сенімділігі, компьютер жоқ жерде жұмыс жасау мүмкіндігі. Алайда кітаптағы ақпарат тек бірізді мәтін мен суреттер түрінде ғана ұсынылады.

Оқу ақпаратын компакт-дискіде ұсыну қуатты көрнекі құрал рөлін атқарады. Кітаппан ерекшелігі — мәтін мен суреттен басқа дыбыстық, анимациялық және бейнефрагменттер де орналаса алады. Компакт-дискімен жұмыс жасау үшін компьютер қажет.

Бұлардың телекоммуникациялық желіге қатысты белгілі дәрежедегі дербестігі, яғни егер оқу үдерісі барысында оқытушымен немесе серіктеспен телекоммуникациялық қатынас жазылмаған болса, оқу материалымен *off-line* режимінде жұмыс жасау мүмкіндігі (жұмыс жасау үшін барлық қажетті ақпарат дербес компьютерде бар, телефон байланысын пайдаланбай-ақ) — оқу материалын ұсынудың баспа және CD нұсқалары үшін ортақ ерекшелік. Бұдан басқа баспа және CD нұсқалары алдын ала жасалып таратылады және оқу үдерісі кезінде жедел түзетіле алмайды.

Оқу материалын серверде орналастыру өзіндік ерекшеліктерге ие. Мысалы, гипермәтін түрінде ұйымдастырылған және сервер жадысында орналастырылған электрондық оқу құралдарына қажеттілік болған жағдайда жедел түрде өзгерістер енгізуге болады. Бұл кезде оқу материалының мазмұнына қалып қойған немесе, керісінше, үлгерімі жоғары оқушылар үшін қосымша тапсырмалар беруге болады. Оқылатын тілдегі шет тілдік серверлерде жаңадан пайда болған дидактикалық тұрғыдан қызықты Интернет беттерімен жұмыс бойынша тапсырмалар орналастырылуы мүмкін. Оқу материалдары Интернет-нұсқасының кемшілігі — ақысы жоғары, сенімділігі барлық жағдайда қанағаттандырмайтын *on-line* режимінде (Интернет желілері арқылы қажетті ақпарат түсіп отыратын телефон байланысын үнемі пайдалана отырып, жұмыс жасау) жұмыс жасау қажеттілігі.

Біздің ойымызша, оқу материалын ұсыну түрін таңдауды білім алушыға беру керек. Олар өз жеке бастарының немесе алдын ала білу мүмкін емес жағдайларды ескере отырып, таңдау жасайды. Осы таңдауды жүзеге асыру үшін тілдерді ҚО курсы бір уақытта, бір-бірін толықтырып және білім

алушылардың қажеттіліктеріне, талғамдарына сәйкес үйлестіріліп отырылатын үш нұсқада жасалуы тиіс.

Айталған жағдайлар әр түрлі тілдік әрекеттерді меңгерудің Интернет арқылы ҚО практикалық курстарының мазмұны мен ұйымдастырудың негізгі әдістемелік проблемасын табуға мүмкіндік берді. Көрсетілген мәселе (оны бірінші деп атайық) мынада: оқытушының оқу үдерісінің барысын басқаруы мүмкіндігі шектеулі жағдайда қойылған оқу мақсаттарына жетуді қалай қамтамасыз етуге болады және бұл басқару жеткіліксіздігін немен толықтыруға болады. Аталған әдістемелік проблема басқа анағұрлым іргелі әдістемелік мәселемен байланысты (оны екінші деп атайық), атап айтқанда, оқытушының жеке басы ерекшеліктеріне, оның педагогикалық шеберлігі мен шығармашылық әлеуетіне қарамастан, оқытудың кепілді нәтижелеріне қол жеткізу мәселесі.

Бұл мәселелердің ортақтығы оқытушының оқу үдерісін басқарудағы рөлінің шектеулілігі жағдайында оқу мақсаттыран жетудің әдістемелік құралдарын іздеп табуда жатыр. Айырмашылығы — бұл шектеулердің табиғатында. ҚО үшін (*бірінші проблема*) бұл — телекоммуникациялық қатынастың оқытушы мен студенттің толық психологиялық-педагогикалық байланысын қамтамасыз ете алмайтын шынайы мүмкіндіктерінің шектеулілігімен байланысты болатын объективті сипаттағы шектеулер. *Екінші проблема* үшін оқытушының әрекетін шектеу мақсатты түрде енгізіліп, оқыту нәтижесінің оқытушының кәсіби және жеке қасиеттеріне тәуелділігін азайту әдісі ретінде қарастырылатындығы тән. Аталған екі әдістемелік проблеманың ұқсастығы бізге мынадай шешімге келуге мүмкіндік береді: оларды шешудің әдістемелік тәсілі де ортақ болуы керек.

Мәселені шешудің теориялық және практикалық ізденістері «педагогикалық технология» деп аталатын педагогикадағы жаңа, прагматикалық бағытқа алып келді. Бұл бағыттың прагматизмі — оқу үдерісінің оқытудың практикалық мақсаттарына жетуге қатаң бағытталғандығында. Оқытудың нәтижелілігі мен бұқаралығы — оның басты талаптары. Таза әдістемелік құбылыс ретінде пайда бола отырып, педагогикалық технологиялар идеясы қандай да бір жеке пәнге оқыту әдістемесін әзірлеу саласынан оқыту жүйесін, кейін білім беру жүйелерін құру саласына тез ауысып, ОТҚ-ны кең қолдану арқылы оқу үдерісін «технизациялау» идеяларымен толықты. Қазіргі кезде ғылыми-педагогикалық әдебиетте жеке әдістемелік тәсіл де, толықтай білім беру философиясы да «педагогикалық технология» терминімен аталады. Бұдан әрі педагогикалық технология және технологиялық қағидаты туралы айта отырып, бұл терминдердің мағынасын тар, әдістемелік мағынада тек жеке пәнді, атап айтқанда, қашықтан оқыту жағдайында тілдерді оқыту әдістемесін әзірлеуге қатысты ғана түсіну керек.

Тілдерді ҚО-ның басты әдістемелік мәселелерін шешу жолдарын іздеу кезінде технологиялық әдісті басшылыққа алу қажет. Оларды санамалап көрсетсек.

1. Педагогикалық технологияда қол жеткізілетін оқыту нәтижелерінің оқытушының жеке қасиеттері мен кәсібилігіне тәуелділігін төмендету оқу үдерісіндегі педагогтің рөлін жеңілдетуді және оқытушы-студент тұлғааралық байланыс жиілігіне қойылатын талаптарды, оның ішінде телекоммуникациялық қарым-қатынас жағдайлары қамтамасыз ететін деңгейге дейін төмендетуді көрсетеді.

2. Педагогикалық технология ұстанымы — нәтижелілік пен бұқаралық және Интернет арқылы ҚО үшін де ерекше өзекті, себебі тек нәтижелілік пен бұқаралық жағдайында ғана ҚО-ның экономикалық түсінік тұрғысынан болашағы үлкен.

3. Оқыту қызметі технологиялық әдісті қолданудың неғұрлым жағымды саласы, ал тілдерді оқыту практикалық тұрғыда тілдік әрекетке оқытуды көздейді.

Мәні оқыту үдерісін кибернетика тұрғысынан қарастыратын және осы үдерісті қатаң реттеуді көздейтін бағдарламалық оқытуды педагогикалық технология идеяларын бірінші рет практикалық тұрғыда жүзеге асыру ретінде санауға болады. Алайда бағдарламалық оқыту мүмкіндіктері меңгерудің, білімнің, машықтар мен дағдыларды қалыптастырудың психикалық тетіктерінің жеткіліксіз зерттелуі, оларды сипаттаудың жағымды әдістерінің әзірленбеуі салдарынан бағдарламалық оқытудың мүмкіндіктері өте шектеулі болып қалды. Тек репродуктивті сипаттағы күрделі емес оқу міндеттерін ғана алгоритмге салуға мүмкіндік болды. Дегенмен педагогикалық ғылымның тоқтаусыз ұмтылысын көрсететін бағдарламалық оқытудың негізгі идеялары оқытудың жоспарланған нәтижелерін сыртқа шығару мәселелерін шешуде алдыңғы қатарға шықты және педагогикалық технологияға сәтті түрде енгізілді.

Оқытудың мақсатын жан-жақты сипаттау — бұл идеялардың ішіндегі бастысы. Технологиялық тәсілдегі мақсатты жан-жақты сипаттаудың мәні мынада: оқытудың мақсаты білім алушының дайын, оқытудан кейін оны орындауға қабілетті болуы тиіс және оқытушы жеңіл әрі бірден түсінетін бақылауда болатын әрекеттерін сипаттаудан қалыптасады. Мұндай сипаттаудың жан-жақтылығы онда не-

ге оқыту деген сұраққа нақты жауаптың болуымен қатар, оқу үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуы қандай болуы тиіс екендігі анық көрінеді. Оқыту нәтижелері білім алушы орындайтын әрекеттер тілінде көрініс табуы мәселесі бұл жан-жақты және өнімді тәсілді жүзеге асыру жолындағы басты кедергі болып табылады.

Оқыту мақсатының ғылыми негізделген иерархиялық жүйесі түрінде көрінетін педагогикалық таксономияны әзірлеу бұл мәселені шешудегі бірінші практикалық қадам болды, осы жүйенің әрбір деңгейіне бақылауға және түсінуге қолжетімді өзіндік әрекеттердің тобы сәйкес келеді.

Бағдарламалық оқытуға қарағанда педагогикалық технология оқыту мақсатының абсолюттік бірегейлігін талап етпейді. Бұл жағдайда педагогикалық технология бағдарламалық оқытуда қол жеткізілетін оқыту нәтижелерінің кепілді шығарылымына мүмкіндік бермейді. Дегенмен толық бірегейлендірілмеген оқыту нәтижелері үшін технологиялық тәсіл арқылы оқыту нәтижелері шығарылымының жоғары дәрежесіне жетуге болады. Бұл білім алушының сыртқы бақыланатын әрекеттері арқылы оқытудың түпкі мақсатын бірізді жан-жақты сипаттау әдістемесінің өзінде қаланған.

Бұл әдістемеге сүйене отырып, педагогикалық технологияны әзірлеушілер (әдіскер-ғалымдар, психологтар, тілшілер мен жоғары кәсіби дәрежедегі мұғалім-практиктер) өздерінің ғылыми-әдістемелік және педагогикалық тәжірибесін қолдануды жоғары деңгейде ұйымдастыруға, өз күштерін оқыту мақсатының қызметтік интерпретациясына кезеңмен бағыттауға, педагогикалық міндеттерді өзіндік түсініктерін тереңдете отырып, барынша тиімді әдістемелік амалдар мен тәсілдер табуға мүмкіндік алады. Оқыту мақсаты білім алушының бақыланатын сыртқы әрекеттерін мазмұндау арқылы неғұрлым толық, жан-жақты және кәсіби сипатталған болса, осы педагогикалық технологияда оқыту нәтижелері шығарылымының соғұрлым үлкен дәрежесіне қол жеткізуге болады. Ойлау әрекеттерін кезеңдік қалыптастыру теориясы ізденушілік, шығармашылық сипаттағы элементтері бар толық бірегейлендірілмеген мақсаттарға қол жеткізу үшін педагогикалық технологияны әзірлеудің ғылыми-психологиялық негізі болып табылады.

Бағдарламалық оқытудан педагогикалық технологияға әкелінген маңызды кибернетикалық идея ретінде оқу үдерісін басқарылатын, кезеңдік ұйымдастыру идеясын айтуға болады. Бұл идеяның мәні мынада. Педагогикалық технологияның мақсаты анықталып, жан-жақты сипатталғаннан кейін студент бұл мақсаттарға жету үшін орындайтын оқу әрекеттерінің тізілімін әзірлеу қажет. Бұл кезде оқыту үдерісі басқарылатын болуы үшін білім беретін оқу әрекеттерін оқу материалын меңгеруді тексеруге және қажет болған жағдайда оқытушының түзетуші әрекеттерін қолдануға арналған бақылаушы әрекеттермен кезектестіріп отыру керек. Осылайша кезеңдік кері байланыс, яғни, оқу үдерісін кезеңді басқару қамтамасыз етіледі.

Осылайша оқытудың түпкі мақсатын қалыптастыру педагогикалық технологияны құру, оны білім алушының бақыланатын сыртқы әрекеттерін мазмұндау арқылы жан-жақты сипаттау және білім алушының оқу материалымен орындайтын және оның осы әрекеттерді орындауға дайындығы мен қабілетін дамытатын білім алушы және бақылаушы әрекеттердің тізілімін әзірлеу жөніндегі жұмыстардың басты мазмұнын құрайды.

Әдетте, түпкі мақсатты нақтылау бірнеше кезеңде жүзеге асырылады, оның әрқайсысында қажетті аралық мақсаттар қалыптасады. Бір кезеңнен екінші кезеңге өткен сайын аралық мақсаттардың сипаты, яғни осы мақсаттарды айқындайтын білім алушының бақыланатын сыртқы әрекеттерінің сипаты өзгеріп отырады. Әрекеттер анағұрлым нақты, толық және жеңіл түсінілетін бола бастайды. Олардың қолданбалылық дәрежесі өседі. Бақыланатын сыртқы әрекеттердің қолданбалылығы ретінде бұл әрекеттердің қойылған оқу мақсатына қол жеткізу дәрежесін дәл көрсететін қасиеті түсініледі.

Бұдан шығатын қорытынды, қандай да бір пән саласында технологиялық тәсілді қолдану бұл пәнді оқыту әдістемесінің мазмұнына айтарлықтай өзгерістер енгізуді талап етпейді. Технологиялық тәсіл белгілі пән саласында жинақталған әдістемелік білім мен тәжірибені ерекше, прагматикалық мақсатты, жүйелі және бірізді жүзеге асыру формасын бейнелейді. Сондықтан нақты пән саласындағы әдістемелік білім мен тәжірибе неғұрлым жүйеленген және жіктелген болса, педагогикалық технологияны құру үшін негіз соғұрлым жақсы салынған болып есептеледі.

Тілдерді оқыту әдістемесіне жүйелік-құрылымдық тұрғыдан келудің педагогикалық технологиясының нәтижесі үшін маңызды жағдай — оқыту мазмұнындағы жаттығулар жүйесінің кибернетикалық табиғаты мен рөлін анықтау және сараптау. Жаттығулар оқу пәні мазмұнының құрылымдық бірліктері ретінде қарастырылып, білім алушының осы материалмен орындайтын пәндік әрекеттерін реттейді. Осылайша, жаттығулар оқу материалын меңгеруді басқару қызметін атқарады. Олар оқу ма-

териалы бірліктерін жоспарланған әрекетте қолданудың нақты әдісі ретінде қызмет етіп, оны қалыптастыруды кезеңдік бақылаудың негізгі құралы ретінде қолданылады.

Тілдерді оқыту мазмұнындағы жаттығулар жүйесінің рөліне деген мұндай кибернетикалық көзқарас педагогикалық технологияның келесі негізгі идеясын: оқытушы мен студенттің шектеулі тікелей әрекеттестігі жағдайында оқу үдерісін басқарудың кезеңдік идеясын практикалық тұрғыда жүзеге асыру үшін айрықша өнімді болып табылады. Бұл жағдайда оқытудың нәтижелілігі негізінен оқытушының жеке қасиеттері емес, жаттығулар жүйесінің жетістіктеріне, оқытуды ұйымдастыруда білімді меңгеру үдерістерін кезеңдік басқару міндеттері қаншалықты толық және кәсіби тұрғыда шешілгендігіне байланысты болады.

Жалпы, жаттығулар жүйесінің жоғары сапасы, оның әдістемелік, лингвистикалық және психологиялық жақтан ойластырылғандығы, оқытудың нақты практикалық нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталғандығы педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктері болып есептеледі.

ҚО-ның тұжырымдамалық негізі ретінде біз, бір жағынан, оқытудың кез келген түріне тән, екінші жағынан — оқытудың осы түрінің өзіндік ерекшеліктерін анықтайтын қағидаттар жиынтығын түсінеміз.

Арнаулы әдебиетте ҚО жүйесін құрастырудың мынадай жалпы қағидаттары көрсетіледі:

1. Қашықтан оқыту жүйесіндегі білім беру үдерісін жобалау кезінде **педагогикалық ұстаным басымдылығы қағидаты**.

Бұл қағидаттың мәні ҚО жүйесін жобалауды теориялық тұжырымдамаларды, жүзеге асыру жоспарланған құбылыстардың дидактикалық үлгілерін әзірлеуден бастау керектігінде жатыр.

Компьютерлендірудің жинақталған тәжірибесі педагогикалық жағы басым болған жағдайда жүйе неғұрлым тиімдірек болатындығын, дегенмен техникалық қамтамасыз етудің де маңызы үлкен екендігін атап көрсетуге мүмкіндік береді.

Өте жоғары технологиялық құралдың өзі де оқытудың ұйымдастыру жағдайларын жақсартуға бағытталған техникалық жабдық екенін естен шығармау керек. «Қашықтықтан оқыту» тіркесінде «оқыту» сөзі басымдыққа ие және оқыту үдерісі мен оның нәтижесіне қойылатын талаптар ҚО-ның мақсаттылығы мен тиімділігін анықтайды. Сондықтан, егер ҚО жүйесі оқытудың психологиясы, дидактикасы мен әдістемесінің кез келген озық әрекеттеріне дер кезінде және дұрыс ілесіп отырмаса, компьютерлік бағдарламалар құру мен техникалық қамтамасыз етуге кеткен шығындардың молдығына қарамастан, мамандар дайындаудың сапасы жағынан ұтылады.

Мысалы, оқытуға жеке-дара қарау қағидаты білім алушының тезірек үйрену немесе оқыту бағдарламаларының неғұрлым күрделі нұсқаларына көшу мүмкіндіктерін есепке алады. Білім алушыларды бөлу оқытудың нәтижесіне байланысты жүргізілді. Соңғы жылдары бұл қағидат қазіргі заманғы педагогиканың жеке тұлғаға бағытталған оқытуға бұрылғанына байланысты біраз өзгерістерге ұшырады. Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың басты ерекшелігі білім алушыларды жіктеу бұл нәтижелерді төмендетуге немесе көтеруге әкелетін себептерге байланысты жүргізіледі (білім алушылардың жеке-дара ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерімен байланысты себептер туралы әңгіме болып отыр).

Білім беру мекемелерінде психологиялық қызметтің енгізілуіне байланысты білім алушыларды күшті, әлсіз және орташаға сырттай бөлу мен оларға бекіту мен бақылау кезеңінде күрделілігі әр түрлі тапсырмалар беруден оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін нақты есепке алу және дамудың жеке-дара траекторияларын диагностикалық негізде құруға ауысу басталды. ҚО технологиялары ғана жоо-лар жүргізе алмайтын жеке-дара оқытуға мүмкіндік береді.

Бұл ҚО-ның екінші қағидаты — оқыту мазмұны, түрі мен әдісі қозғалысының икемділігі мен қозғалмалылығы қағидатының жоғары маңыздылығын көрсетеді.

2. **Икемділік пен қозғалмалылық қағидаты** осы жүйе бойынша білім алушыларға дәріс пен семинар сияқты күнделікті сабақтарға қатыспай-ақ, оның орнына өзіне ыңғайлы уақытта қолайлы орында жұмыс жасау мүмкіндігін анықтайды. Бұл өзінің орныққан өмірін өзгерткісі келмейтін немесе өндірістен қол үзіп оқитын білім алушылар үшін өте маңызды. Осы қағидатты жүзеге асырудың оқытушы үшін де (кез келген құрлық, кез келген жағдай және т.б.), білім алушы үшін де (кез келген орын, кез келген уақыт, кез келген жас және т.б.) рөлі зор.

Жоо-ға ҚО бойынша оқуға түсу үшін студентке білімі мен жасы тұрғысынан еш шектеудің жоқтығы икемділіктің тағы бір көрінісі болып табылады. Оқытудың ұзақтығы да шектеусіз. Әркім пәнді игеру мен таңдалған курстар бойынша тиісті сынақ бірліктерін алу үшін қажетті уақыт оқи алады. Бі-

лім алушы қажетті білімді қысқа уақытта алуына немесе студенттің мүмкіндіктеріне байланысты белгілі уақытқа созуына болады.

Білім алушыға бұл қағидат білім алу немесе дағдылар мен машықтарды игеруді жеке-дара траекториясын таңдауды, құруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Дәстүрлі түрде оқу үдерісінің сапасы мен тиімділігі оқытушы оқу материалын оқу үдерісінің нақты жағдайларына қаншалықты икемдеуіне байланысты деп саналады. Оған оқу материалының сапасы, білім алушылардың танымдық мүмкіндігі және т.б. жатады.

Икемділік қағидаты материалдарды құрастыру мен ұйымдастыруда, топтарды құруда, түрлі студенттердің білім/нәтижелеріне қойылатын талаптардың деңгейінде көрінеді. Оқытудың икемділігі тұрарсында ҚО орталықтарының қызметін ұйымдастырумен байланысты жиі сөз болады. Мұндай икемділікті осы орталықтарда дәстүрлі түрдегі де (кітаптар, кеңестер), жаңа компьютерлік және коммуникациялық технологияларға негізделген қашықтан оқыту түріндегі де түрлі оқу материалдарының көптігі қамтамасыз етеді.

Бұл қағидаттың негізіне, көптеген авторлар көрсетіп жүргеніндей, оқытудың ұтқырлығы қағидаты жатады. Ол білім алушыға өзінің білім бағдарламасын қажетті бағытта түзетуге немесе толықтыруға мүмкіндік беретін ҚО үшін ақпараттық желілер, білім мен дереккөздердің базасы мен банкісін құрудан тұрады. Сонымен қатар білім алудың басқа бағыттарына ауысуға мүмкіндік беруді қамтамасыз ететін ақпараттық инварианттық білімді сақтап қалу талап етіледі.

Икемділік қағидаты ҚО-ны өткізудің барлық кезеңдерінде: курс бағдарламасының құрылымын әзірлеу кезінде, оқытудың түрлі әдістері мен құралдарын үйлестіру арқылы нақты оқу үдерісін қалыптастыру кезінде басшылыққа алынуы тиіс қағидат болып есептеледі. Білім беру мекемелері оқыту технологияларын әзірлеуге кеткен күштері мен қаржыларын үнемдеу мақсатында жоо қолданып отырған компьютерлік бағдарламаларға сәйкес әзірленген ескі технологиялар шеңберінде көбірек қалуға тырысады. Нәтижесінде бағалы жабдықтың білім беру үдерісін жетілдіру ісіндегі пайдалы әрекет коэффициенті өте төмен, ал оның қызметі бұрынғы дәстүрлі ақпаратпен және бақылау құралдарымен қамтамасыз етуді толықтырумен шектеледі.

Оқушыларды әлеуметтік өзгерістерге бейімделіп қана емес, оларды игеруге үйретуге бағытталғандығы бұл қағидатты қазіргі заманғы экономикалық жағдайда неғұрлым өзекті етеді. Онда білім алушылардың білім алу жолындағы одан әрі қозғалыстарының жеке-дара мүмкіндіктері қағидаты немесе жекеге бағытталған ұстаным қағидаты да жатыр.

Бұл қағидатты жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық мәселелері дәстүрлі оқыту саласында да аз қарастырылған, Ал ҚО саласында бұл мәселелер мүлде зерттелмеген. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар бұл қағидатты жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады деп күтілуде. Әңгіме студенттің оқу үдерісіне икемделуі туралы ғана емес, әзірлеушіге немесе оқытушыға оқу курсының құрастыру мен практикалық тұрғыдан іске асыруды жеңілдету туралы да болып отыр. Осы ретте ҚО жүйесіндегі курстарды ұсынудың әдістемелік аспектілерінен гөрі оқыту бағдарламаларын әзірлеу үшін компьютерлік орта құру мәселесі көбірек сөз болып келеді.

Бұл қағидаттар білім беру бағдарлары ретінде ХХ ғ. 90-жылдары ЮНЕСКО бағдарламаларындағы жұмыс бағдарлары ретінде халықаралық тұрғыдан мойындалды.

3. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың **әдістемелік мақсаттылық қағидаты** орындалатын әзірлемелер мен жаңалықтар сәнге еліктеу немесе алынған техникаға оқу үдерісін сәйкестендіруге айналып кетпеу үшін ҚО жүйесін жобалау мен құру кезіндегі әрбір кадамның тиімділігін педагогикалық бағалауды талап етеді. Бірінші орынға техниканы енгізуді емес, оқу курстары мен білім беру қызметін тиісінше мазмұндық тұрғыдан толтықтыруды қою керек.

4. **Қашықтан білім берудің таңдалған үлгілері мен түрлеріне оқыту технологиясының баламалылығы** қағидатына сәйкес оқыту технологиялары ҚО үлгілеріне балама болуы тиіс. Оқытудың ұйымдасқан түрлері ретінде дәрістер, семинар және практикалық сабақтар, имитациялық және іскерлік ойындар, лабораториялық сабақтар, өзіндік жұмыс, өндірістік практика, курстық және дипломдық жұмыстар, білімді игеруді бақылау. ҚО жүйесін ұйымдастыру үрдісінде оқытудың дәстүрлі түрлерінде кездеспейтін үлгілер қолданылуы мүмкін, сондай-ақ қажетті уақытта оған енгізілетін ҚО-ның жаңа үлгілері пайда болуы мүмкін. Мұндай жаңа үлгілердің қатарына нысандық бағытталған немесе жобалық-ақпараттық үлгілер жатады.

5. **Білім алушының білім мазмұнын таңдау еркіндігі қағидаты.** Бұл қағидатты жүзеге асыру кезіндегі басты талаптардың бірі мынадай: ҚО жүйесінің оқу курстары мен пәндерінің мазмұны РФ Мемлекеттік білім стандарттарының нормативтік талаптарына сәйкес болуы тиіс.

**6. Интегративтік қағидаты.** Құрылып және енгізіліп жатқан ақпараттық технологиялар кәсіби білім берудің дәстүрлі жүйесіне жат элемент емес, оған табиғи түрде біріктірілген жағдайда ҚО жүйесі тиісті әлеуметтік және экономикалық әсер береді.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі ҚО-ның қалыптасу және даму кезеңін бастан кешуде. Бұл құбылыстың ұғымы мен мазмұны әлі де тұрақталған жоқ, оны жүзеге асырудың әдістемелік нұсқалары әзірленген жоқ, ал оны ұйымдастырудың негізгі әдістемелік қағидаттарын қалыптастыру бұрын әзірленген технологияларды енгізу ісінен қалып келеді. Педагогикалық қызметтің осы саласындағы эмпирикалық таным әлі де қателіктерге толы.

Қазіргі заманғы білім беру үдерісі негізінде студент пен оқытушы арасындағы байланыс жатыр, оның үстіне «адам-адам» саласындағы бұл байланыстың қосымша дидактикалық қызметіне сәйкес маңызы үлкен. ҚО тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, тиімді байланыс өзіндік жеке болуы тиіс, бірақ бетпе-бет болуы міндетті емес. Дегенмен бұл саладағы мамандардың көпшілігі әділдікке, тиімділікке және нақтылыққа қол жеткізу үшін ҚО бойынша оқу материалдарына ҚО-ны қолдаудың ұйымдастырушылық жүйесі ілесе жүру керек деп санайды. Байланыстың электрондық құралдарының пайда болуымен бұл қажеттілік төмендеген жоқ, тек ҚО-ны ұйымдастырудың тәсілдері ғана біршама өзгерді.

**7. ҚО бағдарламаларының негізіне алынған қашықтықтан білім беруде оқу материалын блоктық-модульдік ұйымдастыру қағидаты.** Модуль дегеніміз — оқу мазмұны мен оны меңгерудің технологиясы біріктірілген мақсатты қызметтік түйін. Модульдерді қалыптастырудың негізі ретінде пәннің жұмыс бағдарламасы алынады. Әрбір жеке модуль белгілі пәндік сала туралы тұтас ұғым береді. Бұл тәуелсіз курс-модульдер жиынтығынан жеке немесе топтық (мысалы, жеке фирманың персоналы үшін) сұраныстарға жауап беретін оқу бағдарламасын құруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларын құру кезінде білім алушының алатын білімге қоятын талаптарын да, оқытудың мазмұны мен үдерісіне қойылатын жалпы талаптарды да қанағаттандыруға мүмкіндік беретін курс-модульдер таңдап алынады.

Оқыту мазмұны меңгеруі мақсатқа сәйкес жүзеге асырылатын аяқталған жеке кешендер (ақпараттық блоктар) түрінде көрінеді. Дидактикалық мақсат білім алушы үшін қалыптасады және тек білім көлемін ғана емес, оны меңгерудің деңгейін де қамтиды. Модульдер оқытуды субъект-субъект негізіне ауыстыруға, жеке оқушылармен жұмысты жақсартуға, жеке көмекті мөлшерлеуге, оқытушы мен оқушы қатынасының түрлерін өзгертуге мүмкіндік береді.

ҚО-ны жүргізу мен әдістемелік қолдауды ұйымдастырудың негізгі қағидаттарына ҚО-ны жан-жақты бағалау талаптарына қойылатын материалдың ҚО-ға «берілуі», білім алушының білім алу үдерісіндегі белсенділігі және т.б. сияқты ережелерді жатқызуға болады.

Бұл аталғандардың барлығы жиналып келіп қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар негізіндегі ҚО үдерісіне біртұтас әдістемелік ұстанымды қамтамасыз етеді.

Танымдық қызметті басқару элементі енетін модуль және оның негізінде жасалған модульдік бағдарлама модульдік оқытудың өзегі болып саналады. Модульдік білім дидактикалық бірліктерді күшейту тұжырымдамасына бағындырылған. Әрбір модуль теориялық және практикалық материал мен қосымша оқу элементтері салынатын негізгі оқу элементтерінен құралады.

Қосымша элементтер ретінде:

- модульдің мақсаттарын сипаттауға арналған элемент (басында орналастырылады);
- түйіндік-жинақтаушы элемент;
- әрбір модульді игерудің нәтижелілігін тексеру үшін түрлі тапсырмалардан тұратын бақылаушы элемент.

Негізгі оқу элементтері өзектілік, теориялық, тапсырмалық, бақылаушы және әдістемелік блоктардан тұрады. Соңғысы студенттің оқу-танымдық қызметін басқару тәсілдерін көрсетеді.

Оқу үдерісін дәстүрлі блоктық-модульдік ұйымдастыру бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

- студенттердің дайындық деңгейін анықтау, білімдеріндегі жиналған жетіспеушіліктерді айқындау;
- мазмұны модульдің ақпараттық бөлігін қамтитын таныстыру дәрісі;
- модульмен одан әрі жұмыс жасау жөніндегі нұсқаулық, модуль аясында материалды игеру алгоритмі;
- модуль бойынша өз бетімен жұмыс жасау үшін қажетті барлық материалды студентке ұсыну (әдістемелік қамтамасыз ету);

- студенттің модуль материалымен өз бетімен жұмыс жасауы;
- әрбір оқу элементін балл түріндегі рейтингіге сәйкес осы жұмыстың нәтижесін бағалау (студенттің өзі де жүргізуі мүмкін);
- күрделенген ағымдық бақылау;
- кемшіліктер мен қателіктерді жою үшін көмек көрсету;
- қорытынды бақылау;
- модуль тақырыбы бойынша білімді жинақтау және жүйелеу.

Модуль тапсырмаларын орындау студенттің өз бетінше жұмысын ұйымдастыру және оқытушының кеңесі, сондай-ақ шағын топтар мен жұптармен жұмыс арқылы жүзеге асырылады. Жұмыстың осы барлық кезеңдерінде тығыз кері байланыс ұсталады және өзін-өзі бақылау үшін барлық материал беріледі.

Модуль бір пән аясындағы материалды күрделендіру, модуль шеңберінде бірнеше пән материалдарын біріктіру және студенттің әрекетін қиындату қағидаттарына сүйенеді.

**8. Коммуникативтік интербелсенділік қағидаты.** Кең мағынада интербелсенділік ретінде кез келген субъектілердің әрекеттестігі және қолжетімді құралдар мен әдістерді қолдану түсініледі. Бұл кезде екі тараптың да диалогке белсенді қатысуы ұғынылады: сұрақ-жауап алмасу, диалог барысын басқару, қыбалданған шешімдердің орындалуын бақылау және т.б. Миллиондаған адамның бір-бірімен қарым-қатынасы үшін арналған телекоммуникациялық орта табиғатынан интербелсенді орта болып саналады. ҚО кезінде, ең алдымен, оқытушылар мен студенттер әрекеттеседі, ал бұл әрекеттестік электрондық пошта, телеконференциялар, шынайы уақыт тәртібіндегі диалог және т.б. сияқты түрлі телекоммуникациялық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Электрондық оқулықтар, желі бойынша ақпарат іздеу жүйесі және т.б. сияқты ҚО құралдары ретінде қолданылатын желілік ақпараттық қорлар да интербелсенділіктің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Интербелсенділік оқыту үдерісінің тұғырнамалық сипаттамаларының бірі өзара әсерді бейнелейді. Ол коммуникациялық технологиялардың өзінің бағасы ретінде де, оқыту бағдарламаларының сапасы мен тиімділігінің өлшемдері ретінде де қарастырылады. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар (гипертехнологиялар, қолдан жасалған интеллект, мультимедиа, тақырыптық жүйелер және т.б.) негізінде оқытудың жаңа әдістерін дамыту интербелсенділік қағидатының жаңа формада жүзеге асырылуын көрсетеді.

**9. Жеделдік қағидаты.** Оқытудың жеделдігі және белсенділігінің стратегиялық бағыты ретінде А.А.Вербицкий «берілетін ақпараттың көлемін көбейту, оны сығымдау немесе оқылу үдерістерін жылдамдату емес, білімді игерудің дидактикалық және психологиялық жағдайларын жасауды, оған оқушының тек интеллектуалды деңгейде ғана емес, тұлғалық және әлеуметтік белсенділік тұрғыдан енуні» айтады, «бұл қосымша міндеттерді де шешуге мүмкіндік береді».

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Богомолов А.Н.* Дистанционное обучение по русскому языку. — М.: Москва, 2008. — С. 7.
- 2 *Қадашева Қ.* Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. — Алматы: Атамұра, 2000. — 35-б.
- 3 *Оразбаева Ф.* Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. — Алматы: Атамұра, 2001. — 10-б.
- 4 *Султанғалиева М.Д.* Инновационные технологии в организации высшего профессионального образования: Сб. ст. — Костанай: Санат, 2003. — 137-б.
- 5 *Қайырбекова А.* Жаңа модульдік технология бойынша тіл үйрету мәселелері // Ұлағат. — 2002. — № 3. — 19-б.
- 6 *Маслыко Е.А.* Настольная книга преподавателя иностранного языка. — Минск: Высш. шк., 1999. — С. 8.

## Основные принципы дистанционного обучения

Автор всесторонне раскрывает основные принципы применения дистанционного обучения. Рассматриваются вопросы обучения казахскому языку с помощью различных видов работ, эффективность новых методов с целью повышения интереса обучающихся. В статье показано как программные и технические средства, используемые на уроке, способствуют совершенствованию традиционных методов обучения. Автор отмечает, что внедрение инновационных технологий в учебный процесс создает благоприятные условия для совершенствования преподавания языка.

In this article the author gives the answer to the question of teaching of Kazach language as the specialty. Using different methods and types of works. Also shows the effeteness of using the active words, texts to increasing the interests of students. Distance education is prior to the proposed substantial change in the model of the educational process. The traditional model of learning is characterized in that: in the heart of the educational process is teacher; in the learning process communicates a limited number of participants, among students is an unspoken competition, most students have the opportunity to play a passive role in the classroom, but the predominant form of learning — the transfer of knowledge in the course of explaining by teacher. In DE in the center of the learning process is learner; essence of education — independent work, developing the capacity for self-learning, based on training activities is cooperation, and the role of students in learning is active. In the DE dominating task is organization of independent cognitive activity of the student, his weapons skills of independent work for acquiring new knowledge and its practical application.

ӘОЖ 81'373.611.512.122=512.122

А.Ә.Ботабек

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті*

## Қазақ тілі сабағында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану тәсілдері

Мақалада қазақ тілін оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, сабақты түрлендіріп өткізу туралы айтылған. Ақпараттық технология сабақты түрлендірудің, ерекшелендірудің, дараландырудың тәсілі ғана емес, сонымен қатар сабақты жаңаша ұйымдастырудың мүмкіндігі болып отырғандығы қаралған. Ақпараттық-компьютерлік технология — оқу орындарында білім жетілдіруші құрал, сондықтан педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу өзекті мәселе болып табылады.

*Кілтті сөздер:* қазақ тілі, мемлекеттік тіл, тіл саясаты, тіл үйренушілер, патриотизм, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар, сабақтың түрлері, сабақты түрлендіріп өткізу, сабақты жаңаша ұйымдастыру, педагогикалық іс-әрекет, иллюстративті материал, мәтін, мәнмәтін, компьютерлік техника, компьютерлік желілер, ақпараттық мәдениет.

Ақпараттық технология (информационная технология; information technology) — 1) объектінің процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс; 2) ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Ақпараттық технология (немесе көпшілікке ІТ атымен танымал ұғым) — қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны [1].

А.Горячевтің тұжырымдауынша, «ақпараттық технология» — мәтіндік редактор, электрондық кесте, мәліметтер базасы, графиктік редактор, мультимедиа және коммуникациялық технологиямен сипатталады. Р.Әбдірәсілова болса, «ақпараттық технологияны оқыту құралдары жүйесінің элементі» деп қарастырады [2].